

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ДАЙЫНДЫҚ ОРТАЛЫГЫ
ҚАЗАҚ, ОРЫС ТІЛДЕРІ БӨЛІМІ
Кезектен тыс № 2 хаттама**

26.02.2025 ж.

Кентау қаласы

Қатысқандар: Бөлім басшысы А.Қ. Мырзаханова және бөлімнің оқытушы-профессорлар құрамы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Күнікей және оның достары» анимациялық фильм оқиғасымен таныстырып, сөздік қорын молайтудағы атқарылған жұмыстар

ТЫҢДАЛДЫ

Бөлім басшысы: Тілді үйрету мақсатында түркі елдерінің мәдени, рухани байлығынан «тіл мен мәдениет» байланысында оқып-үйренудің маңызы зор. Оған себеп – тіл үйренуде түркі елдерінің мәдениетін салыстыра отырып, мәдениет-таным сұхбатын құруға дағдыланады.

«Күнікей және оның достары» қойылымы арқылы тыңдаушылардың шығармаларды оқып, оларды сахналау арқылы тыңдаушылардың қызығушылығын арттыру. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдықтың негізінде тыңдап оқыту тілдің қоғамдағы маңыздылығы мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми таным тұрғысынан түсініп меңгеруге, тілдік бірліктердің тұлға - құрылым - қызмет жүйесін кешенді түрде қабылдауға жол ашады. Тыңдаушылар сахналық қойылымдарды талдап, оны сомдау арқылы тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін дағдылайтындығы, сөйлеу әрекетіндегі тілдің маңызын тыңдаушы түсініп қолдануға дағдыланады. Егер мәтінді сахналық қойылым арқылы мазмұнын түсінсе, ой өрісі кеңіп, тілін, шығармашылықтарын дамыту, ұжымшылдыққа, достыққа тәрбиелеуге бағытталады.

Шешім: Күнікей және оның достары» анимациялық фильм оқиғасымен таныстырылған сахналық қойылым тыңдаушылардың сөздік қорын молайтудағы атқарылған жұмыстар жоғапры деңгейде өтілді деп танылсын. Алдағы уақытта осындай іс-шаралар өткізілуі жоспарлансын.

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы



А. Мырзаханова

Хатшы



А.Нұржанова











